

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРЛІГІНІҢ ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ТАУАРЛАР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІ (БАСҚАРМАСЫ) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
11 сәуір 1994 ж. N 367. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы
N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департаменті (басқармасы) туралы қоса беріліп отырған
Е р е ж е б е к і т і л с і н .

(2 - т а р м а қ) < * >

Ескерту. 2-тармақ күшін жойды - ҚРМК-нің 1994.06.22. N 703 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі бір ай мерзімде аталған Департаменттің құрылымы мен штат кестесін әзірлеп, бекітсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 1 1 с ә у і р д е г і
N 3 6 7 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департаменті (басқармасы) туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Халық тұтынатын тауарлар жөніндегі департамент (басқарма) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 қазандағы N 1039 қаулысымен құрылған және халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамыту саласында мемлекеттік саясатты жүргізу жөнінде Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі құрамындағы атқарушы өкімет органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, республика Министрлер Кабинетінің қаулыларын, Қазақстан

Республикасы Премьер-министрінің өкімдерін, сондай-ақ ведомстволық нормативтік актілерді, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі туралы Ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департаменттің негізгі міндеттері:

меншік нысандары мен ведомстволық бағынысына қарамастан мемлекеттік холдинг, акционерлік компаниялардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, басқа да республикалық тауар өндірушілердің халық тұтынатын өндірістік емес тауарлар өндірісін ұлғайтып, олардың сапасы мен ассортиментін жақсарту жөніндегі іс-әрекетін үйлестіру;

өндірісті дамыту, тауарларды ішкі және сыртқы нарықтарда сату процесін экономикалық реттеу шараларын талдап жасау;

инвестиция саясатында сыртқы және ішкі нарықтардың конъюктурасын, республиканың ресурстық әлеуеті тиімді пайдаланылуын басшылыққа ала отырып, өндірістік емес тауарлар өндірісін дамыту жөніндегі басым бағытты а н ы қ т а у ;

халық тұтынатын тауарлар өндірісінде ғылыми-техникалық саясатты белгілеу , мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыру;

халық тұтынатын тауарлар өндірісіне және олардың өткізілуіне, кәсіпорындардың қаржы жағдайына, олардың техникалық деңгейіне талдау ж а с а у .

4. Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

республиканың өнеркәсіп кешенінде халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамытудың жедел және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлейді;

мемлекет мұқтажын қалыптастыруға және оның орындалуын қамтамасыз етуге, халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамытудың экономикалық реттегіштерін талдап жасауға қатысады;

мемлекеттік холдинг, акционерлік компанияларда, кәсіпорындар мен бірлестіктерде мемлекет мүдделерінің халық тұтынатын тауарлар өндірісіне қатысты бөлігінің сақталуына талдау жасайды және оның бақылануын жүзеге а с ы р а д ы ;

халық тұтынатын өндірістік емес тауарларға және оларды өндіруге арналған негізгі шикізат түрлеріне квоталарды, лицензияларды, экспорт пен импорт баждарын әзірлеу мен оларды келісіп алуға қатысады.

5. Д е п а р т а м е н т т і ң :

басқарудың экономикалық әдістерінің ролін арттыруды қамтамасыз ететін нұсқамаларды, нұсқауларды және басқа құжаттарды өз құзыры шегінде ш ы ғ а р у ғ а қ ұ қ ы б а р ;

Департамент шешімдері меншік нысандарына қарамастан халық тұтынатын тауарларды шығаратын қарамағындағы барлық кәсіпорындарға міндетті болып

т а б ы л а д ы ;

халық тұтынатын тауарлар өндірісін жетілдіру және олардың сапасы жоғары болуын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге;

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің алқасы мәжілістерінде қарау үшін басқару әдістерін жетілдіру, ғылыми-техникалық және инвестициялық саясат жүргізу, өндіріс тиімділігін арттыру, кәсіпорындардың өндірістік әлеуетін нығайту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге құқы бар.

6. Департаментке басшылық ету Министрдің орынбасарына жүктеледі, ол Департаменттің барлық бөлімдерінің алдында тұрған міндеттерді орындауын қамтамасыз етеді және жұмысына бағыт беріп отырады, бөлімдердің құрамын қалыптастырады, Өнеркәсіп министріне Департамент аппаратының бөлім бастықтары мен қызметкерлеріне кандидатура ұсынады.